**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ**
**ШЖҚ «КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ МӘНШҮК МӘМЕТОВА АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК**

БЕКІТІЛДІ
Байқау кеңесінің шешімімен
«26» қаңтар 2024 жылғы №6 хаттамамен
Төраға ________ С.Б.Даньяров

# КОЛЛЕДЖДІҢ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ

**Ақтөбе 2024ж.**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы "Актөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы" ММ ШЖҚ "Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Актөбе жоғары медициналық колледжі" МКК (бұдан әрі-Колледж) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" 2015 жылғы 18 қарашадағы ҚР Заңының 10-бабының 2-тармағына, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әс-қимыл агенттігі бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

2. Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты әзірлеуші болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдарды белгілеу болып табылады.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеті Колледж лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру болып табылады.

## 2. Колледж лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлық қағидалары

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартпен қозғалатын салада жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

1) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қызметтік жағдайын пайдаланбайды;

2) мүдделер қақтығысына жол бермейді, олар туындаған кезде ҚР заңнамасына сәйкес оларды жою жөнінде шаралар қолдануға;

3) өзінің қызметтік өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, көрсетілетін қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамайды;

4) қызметті құзыреті шегінде жүзеге асырады;

6. Өз құзыреті шеңберінде басқарушылық және өзге де шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері:

1) тікелей басшыны не Колледж басшылығын қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке мүдделілік, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда немесе ол туралы өзіне белгілі болған бойда оның туындау мүмкіндігі туралы жазбаша хабардар етеді;

2) басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемейді және көтермелемейді;

3) өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы Колледж басшысына дереу баяндайды;

4) орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күмәнданғаны туралы тікелей басшыға не колледж басшылығына жазбаша нысанда дереу хабарлайды;

5) әріптестеріне және басшыларына өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың әділ қызметтік шешім қабылдауына ықпал етуі мүмкін заңсыз өтініштермен жүгінуден қалыс қалады.

7. Колледж қызметкерлері өмір саласының ерекшелігіне байланысты туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастарда:

1) кадрларды туыстық, жерлестік және жеке берілгендік белгілері бойынша іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермейді, меритократия қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етеді;

2) бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің біркелкі бөлінбеуіне жол бермейді;

3) олардың қызметінің нәтижелерін бағалау, сондай-ақ көтермелеу және өндіріп алу шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік танытады;

4) анық орындалмайтын өкімдер немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермейді;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде қарамағындағылардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайды пайдаланбайды;

6) қарамағындағылар мен басқа да қызметкерлер тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын бұзу фактілеріне жол бермейді және олардың жолын кеседі;

7) әріптестердің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу жөнінде уақтылы кешенді шаралар қабылдайды;

8) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жан-жақты шаралар қабылдайды;

9) Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жояды;

10) қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін қарамағындағыларды тартуға жол бермейді.

## 3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты бұзғаны үшін Жауапкершілік

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзғаны үшін қызметкерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

9. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт сақталмаған жағдайда, колледждің лауазымды адамдары мен қызметкерлері жазалау шарасы тәртіптік жауаптылықты көздейтін дербес жауаптылықта болады.

**Әзірленді:**
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің төрағасы — А.М.Шарипов

**Келісілді:**
**Байқау кеңесінің төрағасы:**
1. ШЖҚ «Отбасылық медицина орталығы» МКК бас дәрігері — С.Б.Даньяров

**Байқау кеңесінің мүшелері:**
2. Экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы — А.А.Бурумбаева

3. ШЖҚ" Ақтөбе медициналық орталығы " МКК кәсіподақ комитетінің төрағасы Жексенбі — Ж.А.Көптілеуов

4. Ақтөбе Жоғары көпсалалы «Болашақ» колледжі директоры — Т.Т.Мұстекенов

5. Жек кәсіпкер — Б.С.Амантурлиев

# Таратылу парағы/Лист рассылки

| № | Структуралық бірліктің аталуы/ Обозначение структурной единицы | Лауазымы/ Должность | Алушының аты-жөні, тегі/ ФИО получателя | Алғаны туралы қолы /Роспись в получении |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |